

**6B01510 –ФИЗИКА, 6B01520 –ФИЗИКА (ІР)
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

* **6B01510 –ФИЗИКА БББ сипаттамасы**

Қазіргі таңда 6B01510 – Физика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша дайындығы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2012 жылы бекітілген №013708 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз.

* **БББ мақсаты:**

Физика саласы бойынша теориялық және әдістемелік білімдерін меңгерген, оларды кәсіби қызметінде қолдана білетін, әлеуметтік-коммуникативтік дағдылары мен зерттеушілік қызметін табысты іске асыра алатын бәсекеге қабілетті білім бакалаврын даярлау;

Берілетін дәреже «6B01510 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры.

* **Қолдану саласы** «6B01510 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

* **Маманның лауазымдарының тізімі:** жалпы білім беретін мектептің физика мұғалімі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының физика оқытушысы, білім беру мекемелеріндегі зертханашы.

* **Кәсіби қызмет функциялары мен түрлері**

Функциялары: білім беру ұйымдарында физиканы кәсіби қызмет нысанына сәйкес оқыту; қазіргі педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы педагогикалық және тәрбие қызметтерін жүзеге асыру; физика бойынша сыныптан тыс жұмыстар өткізу болып табылады.

Түрлері: білімділік; эксперименттік-зерттеу; ұйымдастыру-басқару; әлеуметтік-педагогикалық; оқу-тәрбиелік; оқу-технологиялық болып табылады.

* **Кәсіби қызмет объектісі:** жалпы білім беретін мектептер, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары; білім басқармалары (департаменттері)

* 6B01520 –ФИЗИКА (IP) БББ сипаттамасы

Қазіргі таңда 6B01520 – Физика (IP) мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша дайындығы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2012 жылы бекітілген №013708 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз.

* БББ мақсаты:

«Физика»білім беру бағдарламасы (БББ) (мектептер, колледждер, гимназиялар) физика пәнінің мұғалімі ретінде маманданғысы келетін, қазіргі қоғамда сұранысқа ие, білім беру саласындағы құбылмалы жағдайларға тез бейімделе алатын және бәсекеге қабілетті мұғалімге қойылатын талаптарға сәйкес келетін болашақ мұғалімдерді дайындауға арналған бағдарлама;

Берілетін дәреже «6B01520 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры.

* **Қолдану саласы** «6B01520 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

* **Маманның лауазымдарының тізімі:** жалпы білім беретін мектептің физика мұғалімі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының физика оқытушысы, білім беру мекемелеріндегі зертханашы.

* Кәсіби қызмет функциялары мен түрлері

Функциялары: білім беру ұйымдарында физиканы кәсіби қызмет нысанына сәйкес оқыту; қазіргі педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы педагогикалық және тәрбие қызметтерін жүзеге асыру; физика бойынша сыныптан тыс жұмыстар өткізу болып табылады.

Түрлері: білімділік; эксперименттік-зерттеу; ұйымдастыру-басқару; әлеуметтік-педагогикалық; оқу-тәрбиелік; оқу-технологиялық болып табылады.

* **Кәсіби қызмет объектісі:** жалпы білім беретін мектептер, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары; білім басқармалары (департаменттері)

Оқыту нәтижелері

- Зерттелетін салада мәліметтерді жинақтау және сыни көзқараспен талдау нәтижесінде өз бетінше шешімдер қабылдау арқылы көшбасшылық қабілетті қалыптастырады (ОН1).
- Интернационалдық ортада мемлекеттік және шетел тілдерінде кәсіби, академиялық, ғылыми және әлеуметтік қарым-қатынастар орнатады (ОН2).
- Кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негізіндерін, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолданады (ОН3).
- Кәсіби қызметінде қоғамның рухани құндылықтарын және экономикалық, экологиялық құқықтың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарын сақтайды (ОН4).
- Оқушылардың психофизиологиялық және жас ерекшеліктерін ескеріп, педагогикалық процестерді ұйымдастырады.(ОН5).
- Оқыту және тәрбиелеу процестерінде оқушылардың әлеуметтік, жеке, инклюзивтік қажеттіліктерін ескеріп, басқару шешімдерін қабылдауға қабілетті (ОН6).
- Физиканың тарихы, іргелі заңдары мен қағидалары туралы білімдері мен түсініктерін кәсіби міндеттерін шешуде қолданады (ОН7)
- Физика саласындағы демонстрациялық, виртуалды және зертханалық эксперименттерді ұйымдастыру мен жүргізу дағдыларын меңгереді (ОН8)
- Физикадан алған білімдерін табиғат пен техникадағы процестерді, құбылыстарды тұжырымдауда, есептер шығаруда көрсетеді (ОН9)
- Физика және физиканы оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін, жаңартылған білім беру бағдарламасының заманауи мәселелерін меңгере отырып, оқу-тәрбиелік және кәсіби міндеттерді шешеді (ОН10)
- Физиканы оқытудың инновациялық педагогикалық, сын тұрғысынан ойлау технологияларын қолдана отырып, сабақты жоспарлайды, жүргізеді (ОН11)
- Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді жинақтау, өңдеу, талдаудың заманауи тәсілдерін меңгере отырып, зерттеу жұмыстарын қорытындылайды (ОН12)

6B01520 –Физика (ІР) ББ оқыту нәтижелері

ОН 1– мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру, одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру дағдыларын қолдана отырып педагогикалық және қоғамдық қызметте кәсіби өзара қарым - қатынастарды қалыптастыру; кәсіби қызметте денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін құралдар мен әдістерді мақсатты пайдалану;

ОН 2 – әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, білімді қалыптастыру үшін ақпарат жинау және түсіндіру, олардың құндылықтарын, көзқарастарын, этикалық принциптері мен оқыту әдістерін сыни тұрғыдан бағалау, өздерінің педагогикалық дамуы үшін жаңа мақсаттар қою;

ОН 3 – әр түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, физиканың озық тұжырымдамаларына негізделген теориялық білімді сыни тұрғыдан іріктеу және физиканы оқытуды және өзінің кәсіби өсуін жетілдіру үшін білімді пайдалану;

ОН 4 – инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық проблемаларын түсіну, оқу процесінде білім алушылардың әртүрлі қабілеттерін ескеру, өмірлік және оқу контекстінде олардың психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдау;

ОН 5 – физика ғылымдарын түсіну және игеру үшін іргелі әдіснамалық және теориялық мәні бар іргелі ғылыми ұғымдарды тану және түсіну, физиканың жаһандық және жергілікті проблемаларын шешу үшін басқа ғылым салаларынан білімді қолдану мен интеграциялаудың өзіндік ұстанымын дәлелдеу;

ОН 6 – қазақ халқының тарихының негізгі кезеңдерін, мемлекеттілігі мен өркениеті нысандарының эволюциясын тұтас және объективті түрде жария ету, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу, академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің маңызын түсіну;

ОН 7 – физика саласында мықты академиялық және практикалық білімді көрсету, ғылыми таным нысандары мен әдістерімен, қоршаған әлемді игерудің әртүрлі тәсілдерімен операция жасау, қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну;

ОН 8 – отандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, қазіргі заманғы аспап жасау және ақпараттық технологиялар көмегімен эксперименттік және (немесе) теориялық физикалық зерттеулердің таңдап алынған саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

ОН 9 – физикалық зерттеулердің өздері таңдаған саласында физикалық ақпаратты өңдеудің, талдаудың және синтездеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдану, негізгі математикалық ұғымдар мен операцияларды қолдануға және оларды физикалық есептерді шешу кезінде қолдану, эксперименттік және теориялық физика саласында талдамалық және технологиялық шешімдерді енгізу;

ОН 10 – STEM оқыту элементтерімен біріктірілген сабақтар өткізу, табиғи пәндерді пәндік-тілдік оқыту технологиясын CLIL пайдалану;


ОН 11 – пәнаралық топтарда жұмыс істеу, әлеуметтік проблемаларды шешу кезінде ғылыми білімді қолдану дағдыларын меңгеру;

ОН 12 – мектептегі физика курсының дамытудың ғылыми принциптері мен логикасын түсіну, әртүрлі оқыту технологияларын олардың әртүрлілігінде және орнына қолдану.

Бенчмаркинг нәтижелері



ЖОО, Рейтинг атауы	2022	2023	2024	2025
ҚарМУ Е.А.Бөкетов, Атамекен	2 орын	2 орын	10 орын	2 орын
Абай атындағы ҚазҰПУ, Атамекен	1 орын	7 орын	12 орын	7 орын
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Атамекен	*	16 орын	15 орын	12 орын



Бенчмаркинг нәтижелері



2025
жылда
7-орын

Абай
атындағы
ҚазҰПУ

Студенттер ББ мазмұнын қалыптастыруға ат салысады. Жұмыс берушілердің ұсыныстары, Сауалнама нәтижелері негізге алынады.

Шетелдік университеттердің оқу жоспарындағы пәндермен сәйкестендіру;

Оқытушылардың жоспарға сәйкес жыл сайынғы біліктілікті арттыру курсынан және шетелдік тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету.

Оқытушылар мен ғылыми жетекшілердің ғылым және оқу-әдістемелік істері бойынша көрсеткіштерінің жоғарылығы.

Студенттерді нормативтік құжаттар мен оқу үдерісі бойынша анықтамалардың ақпараттық жүйелерде толық орналасуы. Жол сілтегіш, ЖООда білім беруді іске асырудың ережелері.

2025
жылда
12-орын

Қ.А.Ясауи
атындағы
ХҚТУ

Студенттер ББ мазмұнын қалыптастыруға атсалысады. Жұмыс берушілердің ұсыныстары, Сауалнама нәтижелері негізге алынады.

Шетелдік университеттердің оқу жоспарындағы пәндермен сәйкестендіру;

Оқытушылардың жоспарға сәйкес жыл сайынғы біліктілікті арттыру курсынан өтуі.

Ғылыми жетекшілердің ғылым және оқу-әдістемелік істері бойынша көрсеткіштерінің жоғарылығы.

Нормативтік құжаттар

Бенчмаркинг нәтижелері




Финдік білім беру
бағдарламасы

Оқу мерзімі 4 жыл; Теориялық оқу , біліктілік емтиханын, дипломға дайындықты қоса алғанда 254 кредит

Болашақ физика мұғалімдерінің пәндік дайындығына, орта білім мазмұнына сәйкес келетін пәнаралық және зерттеушілік құзыреттіліктерге ерекше көңіл бөледі. БББ білім беру саласындағы заманауи талаптарға жауап беретін және өзгермелілік, белгісіздік, күрделілік және екіұштылық әлемінде өмір сүріп, жұмыс істейтін 21-ғасыр мұғалімдеріне қажетті құзыреттерді қалыптастыратын құзыреттіліктің жаңа бағыттарын анықтайды.

БББ болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады

Бенчмаркинг нәтижелері



*** Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері**

Қазақстандық ЖОО	Серіктестік жұмыс нәтижесі	Мерзімі
Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі	Өзара ынтымақтастық туралы келісім	№21/3140, 16.11.2021 ж
Қорқыт Ата Қызылорда университеті	Өзара ынтымақтастық туралы келісім	№22/1008, 29.04.2022 ж
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	Өзара ынтымақтастық туралы келісім	№22/965, 28.04.2022 ж
Шымкент қаласы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті	Өзара ынтымақтастық туралы келісім	№22/3325, 07.12.2022 ж.

Контингент	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Грант	13	20	65	32
ТД грант				
Квота				
Ақылы				

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері

Жұмыс беруші	байланыс нәтижелері	Растайтын құжат
Жұмабек Ташенов атындағы №23-мектеп-лицейі КММ	Дуальды білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы келісім шарт жасалынып, жоспар түзілді.	№21/626, 4.11.2025ж.
Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты	«STEAM: Физикалық және инженерлік жобалар» курсының бағдарламасы мен мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға келісім шарт жасалды	№17/524, 2.10.2025ж.
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Оқу пәндерін әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімі	«Физика» пәнінен оқушыларды халықаралық зерттеулерге дайындау (PISA, TIMSS) пәнін енгізу ұсынылды.	ББ бағдарламасына сараптамалық тұжырымдама алынды

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

ББ атауы	2023	2024	2025
6B01506-Физика	85,7%	82%	92,3%



ТАЛДАУ



Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.

Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.

Студенттерді ағылшын және түрік тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар ұйымдастыруы.

Тілдерді оқыту мүмкіндігі (түрік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).

Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.

Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.

Дарынды және талантты жастарды ғылыми ізденіске бейімдеу жүйесін жаңарту және дамыту («Ясауи пәндік олимпиадасы», «Дарын» РҒПО-мен тікелей байланыс).

Дуальді оқыту жүйесінің болуы.

Барлық стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге және бағалауға қатысуының жоғары деңгейі.

Білім беру бағдарламасының ЭПК білім алушылардың оқу пәндерін таңдау және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Практикаға бағытталған оқыту.

Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылуы, білім алушылар контингентінің серпінді өсуі.

Diploma Supplement болуы.

Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде белсенді беттердің болуы.

Кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануы;

Ғылыми дәрежесі бар жас ОПК санының артуы;

Кафедра құрамында халықаралық гранттық бағдарламалардың сертификатталған иеленушісінің болуы (Болашақ бағдарламасы, т.б.);



ТАЛДАУ



-Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу алаңдары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.

Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.

Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.

ПОҚ-ның зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға төмен қатысуы.

Ағылшын тілін жоғары деңгейде (IELTS 5.0 және одан жоғары) меңгерген ОПҚ үлесінің жеткіліксіздігі;

Кафедра ғалымдарының ҚР БЖҒМ тарапынан және Ғылым қоры тарапынан гранттық қарлыжандару жұмыстарының аздығы



ТАЛДАУ

-Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.

Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, Hacettepe University, Marmara University, Yildiz Technical University).

Жұмыс берушілер тарапынан студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.

Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлескен ілгерілеуіне ықпал етеді.

Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.

Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).

Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.

Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (ҮТВ) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.

Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.





ТАЛДАУ

A large purple oval with a white letter 'T' inside, serving as a visual element for the 'T' (Threats) section.

Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.

Жас білікті ғылыми дәрежелі кадрлардың тапшылығы.

*** ББ тұлғінің моделі**

Жоғары этика мен парасаттылықты ұстанады.

Ашықтық пен сыйластық қағидаттарын ұстанады.

Көшбасшы, жаңа мүмкіндіктер іздейді және шешім қабылдайды.

Көптілді, мәдениетті және қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары және тұрақты даму мақсаттарын ұстанады.

Кәсіби саласында білімді, инновациялық және бейімделгіш.

Заманауи цифрлық технологияларды меңгерген.

Жаңа идеялар ойлап табады, өзгерістер енгізуге ұмтылады.

Өмір бойы білім алуға және ізденуге қабілетті.

* ББ жақсарту ұсыныстары

- * Жұмыс беруші мекемелер, байланысты жетілдіру, тұтынушылардың сұраныстарын анықтау, талдау жұмыстарын жүргізу (сұраныс бойынша пәндер енгізу);
- * Кәсіби іс-тәжірибелердің сапасын арттыру шараларын ұйымдастыру;
- * БББ бойынша жылына 1-3 білім алушы мен 1 ОПҚ-ның академиялық ұтқырлық бойынша басқа ЖОО-да немесе шетелдік ЖОО-да білім алуы мен дәріс берулерін қамтамасыз ету;

*** Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері**

Саулнамалар түрі	Нәтижесі												
Жұмыс берушілердің ББ-на	өте жақсы												
Оқытушы студенттер көзімен	Кафедра бойынша орташа балл - 9,56												
Түлектер үшін бағалау саулнамасы	6B01506-Физика ББ-на сабақ беретін ОПҚ бойынша: <table><tr><th>Q10</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th><th>Q11</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr><tr><td></td><td>1</td><td>1471</td><td></td><td>1</td><td>1471</td></tr></table>	Q10	Иә	Жоқ	Q11	Иә	Жоқ		1	1471		1	1471
Q10	Иә	Жоқ	Q11	Иә	Жоқ								
	1	1471		1	1471								

*** ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі
(9-қосымшаға сәйкес)**

ББ бойынша ППС саны	Бейініне сәйкес оқытылатын пән саны	Бейінніне сәйкес соңғы 5 жылда біліктілік сертификаттары
50	20	20

*** ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі
(9-қосымшаға сәйкес)**

ББ бойынша ППС саны	Бейініне сәйкес оқытылатын пән саны	Бейінніне сәйкес соңғы 5 жылда біліктілік сертификаттары
50	20	20

*** 6B01510-Физика ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
(2-8 қосымшаға сәйкес)**

ББ атауы	Оқытылатын пәндер саны	Оқу әдебиеті	Оқу әдістемелік ғылыми әдебиет	Цифрлық тасымалдағыштар
6B01510-Физика	50	212	195	170

*** 6B01520-Физика (ІР) ББ оқу-әдістемелік камтамасыз
етілуі (2-8 қосымшаға сәйкес)**

ББ атауы	Оқытылатын пәндер саны	Оқу әдебиеті	Оқу әдістемелік ғылыми әдебиет	Цифрлық тасымалдағы штар
6B01510- Физика	50	311	215	180